

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ атындағы ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ



«БЕКІТЕМІН»

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э.Қ.Идрисова

2023 ж.

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАСЫ ДАЯРЛАУ

бағыты бойынша

АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ

2022-2023 оқу жылында атқарылған

ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕСЕБІ

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАЗАН АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. Академиялық комитеттің ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді:

А) 6В111 Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша АК мүшелеріне Академиялық комитет ережесі (УЕ-ХҚТУ-113-2022), Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту ережесі (УЕ-ХҚТУ-030-2021) таныстыру бойынша семинар ұйымдастырылып таныстыру парағына қол қойылды.

Б) Ережеге сүйеніп 6В111 Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша Академиялық комитеттің жұмыс жоспары жасалынды.

2. Кадр даярлау нарығына талдау жүргізіліп 6В111 Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша түлектердің моделі әзірленді.

2023-2024 оқу жылына білім беру бағдарламаларын жаңарту мақсатында Академиялық комитет мүшелері бір-бірімен тығыз жұмыс жасады және білім беру бағдарламаларының стейкхолдерлері де бұл жұмысқа белсенді қатысты.

Стейкхолдерлерден ментальді карта сұралып, соның негізінде 6В111 Қызмет көрсету саласы даярлау бағытындағы ББ атрибуты әзірленді. Атап айтқанда: Түркістан облысы туризм басқармасы мемлекеттік мекемесі түлектерінің бойынан көргісі келетін қасиеттер: білімдерін кәсіби іс-әрекетте қолданатын басқарушылық-ұйымдастырушылық қабілеттерке ие, қарым-қатынас, жауапкершілік, көшбасшылық дағдылар; “Rixos” Туркестан қонақүйінің тарапынан қызмет көрсету саласына қойылатын талаптар: коммуникациялық қабілетке ие ақпараттық-технологиялық дағдыларды меңгерген зерттеу, талдау дағдыларына ие түлектер.

Жан-жақты ұсынылған дағдыларды саралай келе, 6В111 Қызмет көрсету саласы даярлау бағытындағы ББ атрибуттары анықталды:

- Кәсіби қызметте өз саласын терең және толық білуі;
- Іскер, бастамашыл және жаңа мүмкіндіктер жасауға қабілетті;
- Креативтілігі әрі ой өрісінің кеңдігі;

Анықталған атрибуттар негізінде 6В111 Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша түлектердің моделі әзірленді.

6В111 Қызмет көрсету саласы даярлау бағытындағы ББ түлегінің моделі: мәдени құзыреттілігі қалыптасқан коммуникациялық, басқарушылық-ұйымдастырушылық қабілетке ие креативті көшбасшы болуы.

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАРАША АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. 6В111 Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша ББ ішкі аудитін ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді.

Ішкі аудит төмендегі мәселелерді қамтыды:

- ББ сипаттамалары;
- Қазақстандағы, шет елдегі ең үздік ББ жүргізілген бенчмаркинг нәтижелері;
- Соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері;
- Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері;
- Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері;
- Сауалнамалар (білімгерлердің жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері;
- Білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері;
- Түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері;
- ББ білікті оқытушылармен қамтамасыз етілуі;
- ББ оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі;
- ББ инфраструктурамен қамтамасыз етілуі.

6В111 Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының өзіндік бағалау есебі жасалынып сайтқа салынды.

2. ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастырылды.

3. 6В111 Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау жұмыстары жүргізілді.

6В111 Қызмет көрсету саласы даярлау білім беру бағдарламасының мақсаты: Туризм саласында еңбек нарығының заманауи талаптарына жауап беретін инновациялық - бағдарланған, бәсекеге қабілетті, құзыретті кәсіби кадрларды даярлау.

Белгіленген мақсатқа сәйкес 6В111 Қызмет көрсету саласы даярлау бағытындағы ББ оқыту нәтижелері анықталды:

Б1. Әлеуметтік ортада адамды қалыптастыру және анықтау қабілеті

- зерттелетін салада мәліметтерді жинақтау және сыни көзқараспен талдау нәтижесінде өз бетінше шешімдер қабылдау арқылы көшбасшылық қабілетті қалыптастырады (ОН1).
- интернационалдық ортада мемлекеттік және шетел тілдерінде кәсіби, академиялық, ғылыми және әлеуметтік қарым-қатынастар орнатады (ОН2).
- кәсіби қызметінде ғылыми зерттеу әдістерін, академиялық жазба негізіндерін, академиялық адалдық принциптері мен мәдениетін қолданады (ОН3).
- кәсіби қызметінде қоғамның рухани құндылықтарын және экономикалық, экологиялық құқықтың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттарын сақтайды (ОН4).

Б2. Туризм саласында кәсіби қызметін пайдалану қабілеті

- туристердің қажеттіліктері, туристік қызметтер (ресурстар) мен жеткізушілер туралы ақпарат жинақтайды және жүйелейді (ОН5).

Б3. Туризм саласында құжаттарды рәсімдеу қабілеті

- халықаралық стандарт, нормативтік-құқықтық актілер талаптарын сақтап туристік қызмет құжаттамаларын рәсімдейді (ОН6).

Б4. Туризм саласында қызмет көрсетуді ұйымдастыру және бағалау қабілеті

- жаңа технологияларға қажеттілікті анықтап, туристік қызметті инновациялық дамыту стратегиясын жоспарлайды (ОН7).
- туристік кәсіпорын қызметінің нысандары мен әдістерін анықтап, туристік қызмет көрсету процестерін ұйымдастырады (ОН8).
- туристік қызметтің әлемдік және жергілікті тәжірибелерін қолданып, нарықтық жағдайды талдап, ықтимал тәуекелдерін бағалайды (ОН9).

Б5. Туризм саласында маркетингтік зерттеу жүргізу қабілеті

туристік кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында нарыққа маркетингтік зерттеулер жүргізеді (ОН10).

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. 6В111 Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастырылды.

2. 6В111 Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша ББ мазмұнын оқыту стратегиясы анықталып бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау жұмыстары жүргізілді.

2023-2024 оқу жылына 6В11157-Туризм БББ оқыту нәтижесіне негізделген пәндер тізімі:

1. Сипаттамасы ұқсас және оқыту нәтижелері бар қайталанатын пәндерді жою: БББ пәндерінің жалпы саны өзгерді, оның ішінде ЖББП ТК-дан 2 пән қысқартылды:

- Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу ,
- Кәсіби цифрлық технологиялар

БП ЖК-дан 2 пән

- Туризмге кіріспе
- Туризмнің тарихы

БП ТК-дан 7 пән :

- Туризмдегі тайм менеджмент,
- Туризмдегі брендинг теориясы және PR,
- Туризмдегі маркетинг стратегиясы,
- Туристік рекреациялық жобалау,
- Туризмдегі қаржылық есептілік негіздері,
- Әлемдік туризмнің мәдени мұралары,
- Билетті рәсімдеу әдістері мен операциялары

КП ЖК-дан 1 пән

- Туризмде е-маркетинг

2. Пәнді бір циклден немесе компоненттен екіншісіне ауыстыру:**ЖК-дан ТК-ға ауысқан пәндер:**

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері

3. Қосылған жаңа пәндер:

- Икемді дағдылар,
- Академиялық жазбаға кіріспе,
- Қазақстан туризм географиясы,
- Туристік кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметін талдау,
- Туризмде е-сауда
- Туризмдегі тұтынушы іс-әрекеті.

4. Сервистік пәндер бойынша 4 ОН (ОН1, ОН2, ОН3, ОН4) және арнайы пәндер бойынша 5 ОН (ОН5- ОН10) талапқа сәйкес қайта жазылды.

5. Пән сипаттамалары қайта қаралып, жалпы мәтіндегі сөз саны 50-60 сөзге толықтырылды.

6В11157-Туризм ББ пәндерінің жалпы саны өзгерді, яғни 2021-2022 оқу жылының ББ-да 69 пән енгізілген, қажеттілікке байланысты 2022-2023 оқу жылында 58 пәнге дейін қысқарды.

№	Қысқартылған пәндер:	Модуль	Жаңадан енгізілген пәндер:	Модуль
1.	Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу	ТК	Икемді дағдылар	ЖК
2.	Кәсіби цифрлық технологиялар	ТК	Академиялық жазбаға кіріспе	ЖК
3.	Туризмге кіріспе	ЖК	Қазақстан туризм географиясы	ЖК
4.	Туризмнің тарихы	ЖК	Туристік кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметін талдау	ТК
5.	Туризмдегі тайм менеджмент	ТК	Туризмде е-сауда	ТК
6.	Туризмдегі брендинг теориясы және PR	ТК	Туризмдегі тұтынушы іс-әрекеті	ТК
7.	Туризмдегі маркетинг стратегиясы	ТК		
8.	Туристік рекреациялық жобалау	ТК		
9.	Туризмдегі қаржылық есептілік	ТК		

	негіздері		
10.	Әлемдік туризмнің мәдени мұралары	ТК	
11.	Билетті рәсімдеу әдістері мен операциялары	ТК	
12.	Туризмде е-маркетинг	ЖК	

Бір компоненттен екіншісіне ауысты:

1. ЖК компонентінен «Әлеуметтік білім және салауатты өмір салты» модуліне 1 пән ауыстырылды (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері);
2. «Туризм географиясы және экономикасы» модулі «Туризм экономикасы және ғылыми зерттеу» модулі болып өзгеріп, жаңадан ашылған «Туризм географиясы» модуліне 1 пән ауыстырылды (Халықаралық туризмнің географиясы). Сонымен қатар «Туризм географиясы» модуліне «Қазақстан туризм географиясы» пәні жаңадан қосылды;
3. «Туристік қызмет көрсету» модулі «Туристік танымдық экскурсия» модулі болып өзгерді, себебі ол жерде тек экскурсиялық пән ғана қалып отыр.
4. «Туризмде ақпаратты қалыптастыру және басқару», «Туристік ресурстарды және рекреацияны басқару», «Туризм саясаты және мемлекеттік реттеу» модулдері алынып тасталды.
5. «Туризмде инвестициялық жобалар және е-маркетинг» модулі «Туризмде инвестициялық жобалар, сапаны басқару және е-сауда» модулі болып өзгерді
6. «Туризм саласын ғылыми зерттеу және құқықтық реттеу» модулі «Туризмде лицензиялау, құқықтық және жарнамалық қызмет» модулі болып өзгерді
6. «Туристік танымдық экскурсия» модулінен кейін «Өндірістік практика І» енгізілді;
11. Мамандандырудың білім траекториясы №2 «Туристік кәсіпорын қаржысы және бухгалтериясы» модуліндегі «Туризмдегі қаржылық есептілік негіздері» пәнін жойып оның орнына, «Туристік кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметін талдау» пәні жаңадан қосылды.

6В11180-Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі бағдарламасы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №2 бұйрығына өзгерістер енгізіліп, қорытынды аттестаттау 12 кредиттен 8 кредитке қысқарды.

Жалпы білім беретін пәндер циклы:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері 3кредиттен – 5 кредитке ауыстырылды
2. Кәсіби цифрлық технологиялар пәнінің орнына – Қаржылық сауаттылық пәні енгізілді
3. Мемлекеттік тілде іс-қағаздарын жүргізу пәні алынып тасталынды

БП және бейіндеуіш пәндер циклында келесі пәндердің кредиттері өзгертілді:

1. Мейрамхана және қонақ үй бизнесіне кіріспе 3 кредиттен 4 кредитке
2. Қонақжайлық және мейрамхана кәсіпорындарында қызмет көрсету технологиясы
3. 4 кредиттен 6 кредитке
4. Front Office менеджменті 4 кредиттен 5 кредитке
5. Меню жоспарлау 7 кредиттен 6 кредитке
6. Қонақжайлық және мейрамхана бизнесіндегі бухгалтерлік есеп 3 кредиттен 5 кредитке
7. Қонақжайлық және мейрамхана бизнесіндегі маркетинг 6 кредиттен 5 кредитке

8. Қонақжайлылық және мейрамхана индустриясының сандық технологиялары 6 кредиттен 5 кредитке
9. Номерлік қорды жабдықтау және басқару 3 кредиттен 5 кредитке
10. Қонақ үйдің әлемдік теориясы мен практикасы 7 кредиттен 5 кредитке
11. Қонақжайлық және мейрамхана индустриясындағы HR технология 6 кредиттен 5 кредитке
12. Қонақ үй индустриясының этикалық-психологиялық негіздері 6 кредиттен 5 кредитке
13. Мейрамхана қызметіндегі калькуляция және баға белгілеу 6 кредиттен 5 кредитке
14. Food and Beverage стилистикасы 7 кредиттен 5 кредитке

Базалық және бейіндеуіш пәндер циклында төмендегі пәндердің атауы өзгерді:

1. «Сусындар технологиясы» пәнінің атауы «Тағам және сусындар технологиясы» болып өзгертілді
2. «Қонақжайлық және мейрамхана инфрақұрылымы» пәнінің атауы «Қонақжайлық және мейрамхана кәсіпорын инфрақұрылымы» болып ауыстырылды

БП МК-не

1. Академиялық жазбаға кіріспе 3кр
2. Икемді дағдылар 3кр

Базалық және бейіндеуіш пәндер циклына жаңадан пәндер енгізілді:

1. Банкет ұйымдастыру
2. Қонақжайлық кәсіпорнында сапа менеджменті
3. Халықаралық туризм менеджменті
4. Туризм саясаты және жоспарлау
5. Туризмде тұтынушылардың мінез-құлқы
6. Дүниежүзіндегі гастрономиялық туризм
7. Қонақжайлық индустриясындағы инвестициялық жобалар
8. Қонақжайлылық кәсіпорындарындағы жаңа тенденциялар

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАНТАР АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. 6В111 Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша жаңартылған ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізілді.

6В111 Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша жаңартылған ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізілді.

Менеджмент және туризм кафедрасының меңгерушісі Г.Момбекова:

6В11157-Туризм білім беру бағдарламасы бойынша келесі аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:

1. Медеуов Нұрдәулет - Түркістан облысы туризм басқармасы мемлекеттік мекемесінің басшысы
2. Нуриддин Білімжан – «TURKESTAN SILK WAY HARBOR» ЖШС бас менеджері

2. 6В111 Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша жаңартылған ББ паспорттары әзірленді.

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ АҚПАН АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. 6В111 Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудиті өткізіліп стейкхолдерлердің ұсыныстары жинақталып зерттелді.

Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша академиялық комитетіне қарасты екі білім беру бағдарламасы бар:

6В11157-Туризм, 6В11180-Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі білім беру бағдарламаларына аудит жасалып, жұмыс берушілердің пікірлері мен ұсыныстары жинақталып, зерттелді. Сыртқы эксперттердің сараптамалық тұжырымдамалары алынды.

Сыртқы эксперттер сараптамалық тұжырымдамаларында бір ауыздан «білім беру бағдарламалары заманауи қызмет ету саласында ұйымдастырушылық және басқарушылық шешімдерді қабылдау, орындау дағдыларын қалыптастыратындығын, кәсіби қызмет саласындағы базалық кәсіби білімдерін, негізгі тәсілдері мен әдістерін пайдалана отырып, ғылыми зерттеулер жүргізе білетіндігін, дағдыларын тәжірибеде қолданатындығын атап өтті.

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. 6В111 Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша жаңартылған ББ паспорттары ББ тізілімдемесіне ұсынылды.

	ББ атауы	Өтініш берілген күні	Расталу күні	%
1.	6В11157-Туризм	02.06.2023	24.07.2023	81,46
2.	6В11180-Мейрамхана және қонақ үй бизнесі	02.06.2023	31.07.2023	89,31

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ СӘУІР АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. БББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктері талданды.

БББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау барысында 2023 жылы 11-15 сәуір аралығында өткен академиялық тексеру комиссиясының ұсынымдары ескерілді.

Бұл мәселе бойынша келесі ұсынымдар берілген:

1. Университеттің студенттерге ұсынып отырған кітапханалар, зертханалар, компьютерлер сияқты ресурстар сан жағынан жеткілікті болып көрінгенімен, сапасы жағынан заман талабына сай емес, заманауи технологияны толық көрсете алмайтын сияқты.

2. Онлайн-ақпараттық ресурстар мен студенттерге қолжетімді мүмкіндіктердің жеткіліксіздігі де бар. Сол сияқты қашықтықтан білім беру қызметтері мен осы қызметтерге қолжетімділікте де кемшіліктер бар.

3. Мүмкіндігі шектеулі жандардың білім алу мүмкіндіктерін қарастыру қажет; Мүмкіндігі шектеулі студенттердің оқу ғимараттары мен аудиторияларға кіру, сабақтарға қатысу, материалдарды пайдалану, практикаға қатысуға қатысты физикалық өзгерістер мен қызметтерді жүзеге асыру қажет.

4. Бакалавр деңгейінде жетекшілік қызметтердің жеткілікті деңгейде көрсетілмеуі.

5. Бағдарламаны бақылау үдерістері мен ішкі сапа қауіпсіздігі механизмі арасында жеткілікті деңгейде байланыстың болмауы.

2. БББ шеңберінде әр пән мен оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау жұмыстары жүргізілді.

БББ-лар шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау мақсатында, талдау жүргізілді. Жаңадан енгізілген арнайы пәндер бойынша біліктілік арттыру жоспарын жасауға тапсырма берілді.

3. Қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурс ұсынысы әзірленіп Адам ресурстарын басқару бөліміне жіберілді.

№	Кафедра аты	Оқытушы	Аға оқытушы	PhD/ Ғылым кандидаты	Ғылым докторы
1	Туризм	-	-	1,0	-

Барлығы:	-	-	1,0	-
----------	---	---	-----	---

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ МАМЫР АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. 6В111 Қызмет көрсету саласы даярлау бағыты бойынша ББ өзіндік бағалау жүргізілді.

Барлық кафедралар өздеріне тиісті БББ-ларына талдау жасап өзіндік бағалау есебін дайындады. Талдау нәтижелері біріктіріліп, жалпы бір презентацияға салынды. Презентация университет сайтына жіберілді.

Менеджмент және туризм кафедрасы:

Соңғы 5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері (Атамекен) бойынша:

№	Білім беру бағдарламасы	ЖОО рейтингтегі орны								
		2018	2019	Салыстырмалы көрсеткіш	2020	Салыстырмалы көрсеткіш	2021	Салыстырмалы көрсеткіш	2022	Салыстырмалы көрсеткіш
1	Туризм	39/42	34/34	v	13/27	^	10/31	^	21/30	v

6В11157-Туризм БББ-сы 2018 жылы-39/42, 2019 жылы 34/34, 2020 жылы – 13/27, 2021 жылы – 10/31, 2022 жылы – 21/30 орынға ие болды. Соңғы көрсеткіштер бойынша эксперттен кейбір пәндердің мазмұны бойынша бірқатар сындар айтылып ұсыныстар берілді. Ұсыныстар назарға алынып, силлабустардың мазмұндары қайта әзірленді.

Білім беру бағдарламасын еңбек нарығының сұранысына сай жетілдіру керек деген. 2022-2023 оқу жылында білім беру бағыты бойынша академиялық комитеттер қайта құрылып, білім беру бағдарламалары сол комитетке ұсынылды. Комитет тарапынан білім беру бағдарламалары талқыланып барлық оқыту нәтижелері жаңартылды.

Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар атқарылған жоқ.

Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері бойынша айтатын болсақ, жұмыс берушілермен бірлікте ББ дайындалды. 6В11157-Туризм ББ-сына жұмыс берушілер ұсынысы негізінде «Туристік кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметін талдау», «Туризмдегі тұтынушы іс-әрекеті» пәндері енгізілді.

Сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері. Жыл сайын білімгерлерден, жұмыс берушілерден сауалнамалар алынып, нәтижелері талданады. 2022-2023 оқу жылында да «Оқытушы студент көзімен» сауалнамасы алынып, талқыланды. Нәтижесінде ашық сабақтар беру, сауалнама сауалдарына орай біліктілік жетілдіру курстарына ұсыныс жасалды. ББ бойынша сауалнама сұрақтары әзірленіп, жұмыс берушілерге берілді. Сарапшылар пікірлерімен бірге ұсынылды.

- Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері

✓ кафедра қауымдастырылған профессоры Абубакирова А.Т. Түркия Республикасының Еге университетіне Орхун бағдарламасы аясында дәріс беріп қайтты.

Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері

Жұмыс беруші	Байланыс нәтижелері
«TURKESTAN SILK WAY HARBOR» ЖШС	Көшпелі лекция семинар сабақтары

Сауалнамалар (білімгерлердің, жұмысберушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері

Сауалнамалар түрі	Нәтижесі
Жұмыс берушілердің ББ-на	5/5
Оқытушы студенттер көзімен	5/4.5
Түлектер үшін бағалау сауалнамасы	5/4.60

Білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері

6B11157-Туризм

	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс
грант	4	4	4	12
ТТЕ грант	4	7	4	8
квота	1	3	2	17
ақылы	3	5	3	4
ақылы шартты	1	-	-	-
Барлығы	13	19	13	41
Жалпы барлығы				86

6B11180-Мейрамхана және қонақ үй бизнесі

	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс
грант	3	-	-	-
ақылы	1	-	-	-
Барлығы	4	-	-	-

Мамандық код атауы	Бітірген түлектер мен жұмысқа орналасқандар саны, % 2022					
	Жалпы саны / грант	05.10.2022 ӘЗҚҚҮЖО көрсеткіші бойынша жұмысқа орналасқандар саны	Оқуын жалғастырғандар	Шетел аз. Декретте/ әскерде	Дәлелді құжаттар саны	Дәлелді құжаттармен % көрсеткіш
6B11157-Туризм	50/21	21	1	20 ш.а.	-	73,33%

Түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері

ББ атауы	2021		2022	
	Саны	%	Саны	%
6B11157-Туризм	47	87	50	73,33

SWOT – талдау

(бұл универ бойынша жасалған SWOT – талдау. Сізге қажеттілерін қалдырып, тағы басқа нәрселерді қосуыңызға болады)

S (strengths) – Күшті жақтары(ықтимал позитивті ішкі факторлар)	
1.	Университетте халықаралық және ерекше мәртебенің болуы және ҚР мен ТР-ның қаржылық және зияткерлік ресурстарын пайдалану мүмкіндігі.
2.	Түркияның жетекші университеттерінен ОПК мен басқарушыларды тарту мүмкіндігі.

3.	Қазақстан мен Түркия ұсынатын білім алушылар үшін мемлекеттік білім беру гранттарының болуы.
4.	Заманауи кампус пен инфрақұрылымның болуы.
5.	Ұлттық және халықаралық рейтингтерде университет елдің және аймақтың үздік оқу орындарының қатарына кіруі.
6.	Заманауи талаптарға жауап беретін жаңа кітапхананы пайдалануға беруі, Халықаралық ғылыми базалардың толық мәтіндерге қол жетімділігі.
7.	Студенттерді ағылшын және түрік тілдеріне оқытуға бағытталған бағдарламалардың болуы, «тілді жетілдіру курсының (Foundation)» болуы, ТТЕ гранты бойынша білім алушылар үшін тегін курстар ұйымдастыруы.
8.	Тілдерді оқыту мүмкіндігі (түрік, қазақ, ағылшын және орыс тілдері).
9.	Түркия Республикасының озық жоғары оқу орындарымен тығыз ынтымақтастық туралы меморандумдар мен келісім-шарттардың болуы.
10.	Профессор-оқытушылар құрамының, кафедралар мен факультеттердің жұмыс нәтижелері бойынша еңбекті бағалау және ынталандыру жүйесінің болуы.
11.	Барлық стейкхолдерлердің білім беру бағдарламасын әзірлеуге және бағалауға қатысуының жоғары деңгейі.
12.	Білім беру бағдарламасының ЭПК білім алушылардың оқу пәндерін таңдау және жеке білім беру траекториясын қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.
13.	Практикаға бағытталған оқыту.
14.	Жүйелі кәсіптік бағдар беру жұмыстары ұйымдастырылуы, білім алушылар контингентінің серпінді өсуі.
15.	Diploma Supplement болуы.
16.	Instagram және Facebook әлеуметтік желілерінде белсенді беттердің болуы.
W(weaknesses) – Әлсіз жақтары (ықтимал негативті ішкі факторлар)	
1.	Оқу-зертханалық базаның әлсіздігі, оқу алаңдары мен жатақханалардың жетіспеушілігі.
2.	Жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен, оның ішінде түрік университеттерімен косдипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларының болмауы.
3.	Біліктілігі мен әлемдік деңгейдегі тәжірибесі бар, елеулі халықаралық іс-шараларды жоспарлауға және іске асыруға қабілетті мамандардың тапшылығы.
4.	ПОҚ-ның зерттеу гранттарын алуға арналған халықаралық конкурстарға төмен қатысуы.
О (opportunities) – Мүмкіндіктер (ықтималды позитивті сыртқы факторлар)	
1.	Түркістан облысының құрылуы және түркі әлемінің рухани орталығы ретінде Түркістан қаласының жандануы Ахмет Ясауи университетінің дамуы үшін жаңа сын-қатерлер мен мүмкіндіктерге бастама болады.
2.	Университетті екі мемлекет тарапынан қолдау. Түрік университеттерімен кадрларды даярлау, бірлескен зерттеулер жүргізу, студенттердің ұтқырлығы және т.б. ынтымақтастық мүмкіндіктері.
3.	Франчайзинг моделі бойынша жұмыс істеуге дайын Түркия университеттерімен стратегиялық серіктестікті кеңейту – (Gazi University, Middle East Technical University, Hacettepe University, Marmara University, Yildiz Technical University).
4.	Жұмыс берушілер тарапынан студенттерді практикаға бағытталған оқытуды құру бойынша бірлескен ынтымақтастық ниетінің болуы.
5.	Қашықтықтан оқыту технологиясының көмегімен ҚАЗТЕП және ТҮРТЕП негізінде жаһандық білім беру бағдарламаларын енгізу мүмкіндігі, бұл әлемнің кез келген нүктесінен қазақ, түрік, ағылшын және орыс тілдерінде білімге қол жеткізуге мүмкіндік береді.
6.	Білім беру, жастардың ұтқырлығы туралы құжаттарды өзара мойындау мәселесін

	шешетін білім беру бағдарламаларын үйлестіру мақсатында түркі әлемі университеттері үшін цифрлық платформаны құру түркі әлемі университеттерінің халықаралық рейтингтерде бірлескен ілгерілеуіне ықпал етеді.
7.	Ағылшын және түрік тілдерінде жүргізілетін пәндер тізбесін кеңейту арқылы академиялық ұтқырлық бағдарламасымен шетелдік жоғары оқу орындарынан келетін студенттер санын арттыру мүмкіндігі.
8.	Қашықтықтан оқыту сапасын жақсарту және оны университеттің білім беру қызметіне кеңінен енгізу арқылы әртараптандырылған қолжетімді сапалы білім беру мүмкіндігі (оқу бағдарламалары, бленд-оқыту).
9.	Түркияда PhD докторантура бағдарламалары бойынша мақсатты оқыту арқылы ғылыми дәрежеленген оқытушылардың үлесін арттыру мүмкіндігі.
10.	Университет ғалымдары мен оқытушыларының ғылыми-гранттық байқауларға (Ғылым комитеті, ҚР Тұңғыш Президенті Қоры, ТУБИТАК, ТИКА, Presidency for Turk sAbroad and Related Communities (ҮТВ) және т. б.) белсенді қатысу мүмкіндігі.
11.	Ауқымды ғылыми іс-шараларды ұйымдастыру мүмкіндігі (сапалы материалдық-техникалық база, қонақ үй, мәдениет сарайы, кітапхана, клиника және т. б.)
12.	Шетелдік зерттеу институттарымен ынтымақтастық, жетекші халықаралық университеттермен өзара байланыс орнату және бірлескен зерттеу жобаларын жүзеге асыру мүмкіндігі.
13.	Түркістан қаласының инфрақұрылымының жақсаруы (заманауи әуежай, жаңа туристік объектілер және т. б.).
T (threats) – қауіптер (ықтималды негативті сыртқы факторлар)	
1.	Ұлттық және халықаралық деңгейде жоғары білім беру саласындағы жоғары бәсекелестік.
2.	Жас білікті кадрлардың тапшылығы.

АК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖАҚСARTU ҰСЫНЫСТАРЫ:

1. ББның сапасына байланысты мониторинг жұмыстарын күшейту.
2. Барлық стейкхолдерлерді ұйымдастырып кездесулер өткізу.

Академиялық комитеттің № 8 мәжілісінде 31 05 2023ж талқыланып, бекітуге ұсынылды

АК төрағасы Г.Момбекова Г.Момбекова